

## **"Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 10 ақпандағы N 21-ө Өкімі

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жастар істері жөніндегі кеңеспен бірлесіп, 2005 жылдың IV тоқсанында "Қазақстан жастарының жалпыреспубликалық форумы туралы ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2005.04.27. N 103 өкімімен.**

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары бұрын қабылданған нормативтік құқықтық келісімдерді "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтірсін.

*Премьер-Министр*